

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерлерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 532 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қарашада № 7333 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 8 қыркүйектегі № 252 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 08.09.2025 № 252 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-13) тармақшасына, "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 1-тармағының 20-4) тармақшасына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерлері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұхамбетов

Әкімдіктің

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына ай сайынғы ақшалай жабдықтырым төлемдерінің мөлшерлері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Қостанай облысы әкімдігінің 26.07.2024 № 297 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

p/c №	Спорт түрлері, спорттың ойын түрлері бойынша жарыстардың жіктелуі	Орын	Ай сайынғы ақшалай жабдықтырым төлемдерінің мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)		Ескерту
			Спортшы	Жаттықтырушы	
1	Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары	1-орын	250	25	
		2-орын	220	22	
		3-орын	200	20	
		4-орын	180	18	
		5-орын	160	16	
		6-орын	140	14	
		лицензия	120	12	
2	Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионаты (ересектер)	1-орын	150	15	
		2-орын	130	13	
		3-орын	120	12	
3	Жазғы, қысқы Азия ойындары, Паралимпиадалық Азия ойындары (ересектер)	1-орын	120	12	
		2-орын	110	11	
		3-орын	100	10	
4	Жасөспірімдердің Олимпиада ойындары, Дүниежүзілік Универсиада	1-орын	70	7	
		2-орын	50	5	
		3-орын	40	4	
	Олимпиадалық, Паралимпиадалық,	1-орын	80	8	
		2-орын	70	7	

5	Сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша Азия чемпионаты (ересектер)	3-орын	60	6	
6	Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша жастар, жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты	1-орын	70	7	
		2-орын	60	6	
		3-орын	50	5	
7	Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша жастар, жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты,	1-орын	60	6	Ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшері кемінде 20 елдің қатысуымен (пән бойынша немесе әр салмақ дәрежесінде) өткен жарыстар бойынша бекітіледі
		2-орын	50	5	
		3-орын	40	4	
	Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша әлем чемпионаты (ересектер)	1-орын	60	6	
		2-орын	50	5	
		3-орын	40	4	
Қазақстан Республикасының Спартакиадасы, Олимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаты (ересектер)	1-орын	60	6		
	2-орын	30	3		
	3-орын	20	3		
	Қазақстан Республикасының	1-орын	60		6
		2-орын	30		3

8	Паралимпиада ойындары, Паралимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаты (ересектер)	3-орын	20	3	
	Қазақстан Республикасының Сурдлимпиада ойындары, Сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаты (ересектер)	1-орын	60	6	
		2-орын	30	3	
		3-орын	20	3	
9	Ұлттық спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының чемпионаты (ересектер)	1-орын	30	3	Ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшері Қазақстан Республикасы облыстарының және республикалық маңызы бар қалаларының 11-нен астамының қатысуымен (пән бойынша немесе әр салмақ дәрежесінде) өткен жарыстар бойынша бекітіледі
	Олимпиадалық емес спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының чемпионаты (ересектер)	1-орын	10	3	
	Олимпиадалық спорт түрлері бойынша жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	1-орын	20	3	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК